# ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ- ӘР АЗАМАТТЫҢ ПАРЫЗЫ!

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі қоғамда өзектілікті туындатып келеді. Тіпті, тіл жанашырлары ана тіліміздің болашағына алаңдайтыны жасырын емес. Дегенмен, бүгінгі таңда ұлтымыздың ана тілімізге деген құрметі ерекше. Ауқымды жиындар мен түрлі мәжілістерде мемлекеттік тілдің маңызы және оның мәртебесін ұлғайту туралы мәселелер көптеп қаралады. Патриот жастарымызда елдің ертеңі үшін ана тілді дамыту керегін алға тартып, қазақ тілінде түрлі тың жобаларды жүзеге асырды. Бүгінде мемлекеттік тілде арналар, бағдарламалар және сериал-кинолар жарыққа шықты. Ең маңыздысы, биылғы жылы ҚР Премьер Министрі Әлихан Смайылов Мемлекеттік тілге қатысты жаңа заңды ұсынды. Яғни, Қазақ тілін білмейтіндерге Қазақстан азаматтығын бермеу жөніндегі ұсынысы қарастырылуда. Егер аталмыш ұсыныс орындалса, еліміздің әр азаматы мемлекеттік тілді игеруді міндеті санап, қазақ тілінің болашағы кемел болмақ. Ал бүгінгі жастарды қазақи тәрбиемен өсіріп, оларға мемлекеттік тілді меңгерту әр ата-ананың ұлт алдындағы парызы деп білемін!

**А.ҚҰДАСБЕКОВА,**
*М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың "Техникалық мамандықтар бойынша шет тілдері" кафедрасының аға оқытушысы, магистр.*